



# ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Қашықтан білім беру:  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰСЫ



Қазіргі таңда жаңа компьютерлік технологиялар мен Интернет өте қарқынды даму үстінде. Сонымен қатар жаңа оқыту әдістері де пайда болуда. Осындай технологиялардың бірі Интернет-технологиялар көмегімен орындалатын және үлкен танымалдылыққа ие қашықтан білім беру болып табылады.

Интернет пен қарым-қатынас және мәліметтерді алмасудың заманауи әдістерінің дамуы арқасында білім беруде жаңа оқыту құралдарын құрып, пайдалану мүмкін болды. Мысалы, электрондық конспектілер, энциклопедиялар, тестілер, глоссарийлер, сауалнамалар, виртуалды тәжірибелер және т.с.с.

Адамның кез келген қызметіне тән жаңалықтар немесе инновациялар, сол себепті де зерттеу, талдау және енгізу пәніне айналады.

Инновациялар өздігінен пайда болмайды, олар ғылыми ізденістер, жеке ұстаздар мен тұтас ұжымдардың алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерінің нәтижесі болып табылады.

Кәсіптік білім беруі ұйымдастырудағы инновациялардың бірі – бұл қашықтан білім беру.

Қашықтан білім беру технологиясы озық технологиялардың бірі болып табылады. Ол ХХ ғасырдың соңында пайда болып, ХХІ ғасырға мамандарды даярлаудың ең тиімді және озық жүйелерінің бірі ретінде кірді.

Қашықтан білім беруді оқытушы мен студент арасындағы қатысушылар бір-бірінен қашықта болатын, бірақ нәтижесінде студенттің бойында білім, шеберлік пен икемділік қалыптасатын өзара байланыс процесі ретінде түсіндіруге болады. Қазіргі таңда қашықтан білім беру оқытудың компьютерлік және Интернет-технологияларын қамтиды.

Заманауи технологиялар – бұл мыңдаған шақырым қашықтықтағы студент пен оқытушыны байланыстыратын түйін. Оқыту корпоративтік желіде, Интернетте, электрондық пошта арқылы және басқа да заманауи байланыс құралдары көмегімен жүргізіледі.

ҚББ – өте икемді жүйе, ол оқу процесінің барлық қатысушыларына (студенттерге, оқытушылар мен оқу мекемесінің әкімгерлеріне) ыңғайлы сабақ кестесін таңдауға мүмкіндік береді. Бұл – аталған оқыту түрінің екінші маңызды тұсы.

Қашықтан білім беру технологияларын пайдаланудың оқушылар үшін бірқатар артықшылықтары бар. Олардың кейбірі төменде келтірілген:

1. Үнемділік, яғни оқытушы басқа қалада немесе елде тұрған жағдайда студенттерге жолға немесе тұрғылықты жерге ақша шығарудың қажеті жоқ. Сонымен қатар, негізгі өндірістік қызметті үзбей-ақ оқуға болады;

2. Қол жетімділік, яғни оқушының географиялық және уақыт жағдайына тәуелсіздік;

3. Жеке қарқынмен оқыту. Басқаша айтатын болсақ, студент материалды игеру жылдамдығын жеке жағдайлары мен қажеттіліктеріне қарай өзі орнатады;

4. Еркіндік пен икемділік – тыңдаушы оқу курсының кез келгенін таңдай алады, сонымен қатар, сабақтардың өтетін уақытын, орнын және ұзақтығын өзі жоспарлай алады;

5. Мобильділік оқытушы мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді іске асыруды білдіреді.

6. Технологиялылық – оқыту үдерісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалану.

ҚББ-дің тек оқушы үшін ғана емес, сонымен қатар, білім беру мекемесі үшін де бірқатар артықшылықтарын келтіруге болады:

- оқыту шығындарын азайту, яғни ғимараттарды жалға алу, оқытушының да, оқушының да оқу орнына жету шығындары және т.с.с. қажет болмайды.

- бір уақытта көп адамға білім беру;

- заманауи құралдарды, көлемді электронды кітапханаларды және т.с.с. қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру.

- бірегей білім беру ортасын құру.

Соған қарамастан, ҚББ қазақстандық білім беру жүйесінде толық жұмыс істемейді, себебі оның да кез келген дүние сияқты кемшіліктері бар:

- білім берудегі жетістік компьютерді пайдалануды, Интернетте орын ауыстыруды білуіне және адамның техникалық қиындықтарды еңсере білу қабілетіне ішінара тәуелді болады;



- нақты (виртуалды емес) тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде ғана игерілетін көптеген тәжірибелік машықтар бар;
- кей жағдайларда ауылдық жерлерде Интернетке қол жеткізу қиындық тудырады, вербальды емес өзара байланыстардың жетіспеушілігі қарым-қатынасқа кедергі келтіруі мүмкін;
- коммуникациялық технологиялар оқушыларды оқшаулануға әкеледі, оқытушы тарапынан бақылауды әлсіретеді және т.с.с.

Алайда ҚББ ұйымдастырудағы негізгі мәселе, менің ойымша, білім беру процесіне қашықтан басқарылатын технологияларды кәсіби, техникалық және психологиялық түрде пайдалануға дайын оқытушылардың жетіспеушілігінен туындайтын сияқты.

Үлестірілген университеттегі қашықтан білім берудің жаңашылдығы оқытушының жаңа мамандануы – тьютор арқылы көрініс табады. Ол университет өкілі ретінде оқыту-әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырып, білім беру барысында оқушының үлгерімін бақылау және оның оқу материалын игеруіне қатысты ұйымдастырушылық сұрақтарды шешеді.

Тьютор – қашықтан білім беру жүйесінің әкімшілік-оқытушылар құрамына кіретін оқытушы, ұйымдастырушы, кеңесші-тәлімгер. Ол қашықтан білім берудің белгілі бір бағдарламасы шеңберінде оқушыларға әдіснамалық және ұйымдастырушылық-кеңес көмегін көрсетеді.

Заманауи ақпараттық технологияларға негізделген әдістердің пайда болуымен білім беру саласында оқытушылық қызметте, оқытушының білім беру процесіндегі орны мен ролінде, оның негізгі функцияларда айтарлықтай өзгерістер болып жатыр.

Ресейлік профессор Соловов келесі 4 негізгі функцияны бірінші ретті деп атап көрсетеді:

1. Ұйымдастырушылық – студенттің оқу қызметін, жұмыс кеңістігін ұйымдастырады;
2. Ақпараттық – студенттің курс материалдарында келтірілген белгілі бір теориялық мазмұнды игеруіне қамқорлық таныту;
3. Коммуникативтік – студенттердің араласуын қамтамасыз етеді;
4. Дамытушы – студенттердің танымдық қызметін іске қосады, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасайды.

Сонымен, тьютор оқушыларға білім беру процесін дидактикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі; білім, шеберлік пен икемділіктерді тиімді игеруге ынталандырады; бағдарламалық-әдіснамалық жабдықтама құрастырады; білім беру процесін ұйымдастырады және басқарады; оқушыларға кеңес береді; оқудың жеке жоспарларының орындалуын бақылайды; білім беру үшін ересек тұлғаның өз бетімен тиімді білім алу процесін жеңілдететін және оған көмектесетін қолайлы ұйымдастырушылық-психологиялық жағдайларын құрады.

Заманауи жағдайларда компьютерлер мен жаңа ақпараттық технологиялардың педагогты алмастырмайтындығын, жай ғана оның ролін өзгеретіндігін айта кету керек. Қашықтан білім беру жүйесі келесі оқыту түрлерін сақтай алады:

- ҚББ дәрістерінде дәстүрлі аудиториялық сабақтардан ерекшелік ретінде оқытушымен тірі қарым-қатынас болмайды, бірақ оның бірқатар артықшылықтары бар. Мысалы, жаңа ақпараттық технологияларды (гипермәтінді, мультимедианы, виртуалды шынайылықты және т.б.) пайдалану, бұл дәрістерді қызықты, әрі көрнекі ете түседі. Оларды кез келген уақытта және кез келген қашықтықта тыңдауға болады. Сондай-ақ, материалды конспектiлеудің қажеті жоқ;
- «көзбе-көз» кеңестер;
- off-line-кеңестер, оны курс оқытушысы электронды пошта көмегімен немесе телеконференция режимінде өткізеді;
- курс оқытушысы өткізетін on-line-кеңестер;
- тәжірибелік сабақтар;
- қашықтан білім беру кезінде лабораториялық жұмыстарды оқытушылар келгенде немесе тьюторлардың басшылығымен жоғарғы оқу орнының қажетті материалдық қоры бар оқу орталығында немесе филиалдарында орындаған дұрыс;
- студенттердің өзіндік жұмысы.

Әрине, аталған қиын мәселелерді шешу үшін және отандық білім беру жүйесіне жаңа технологияларды кең ауқымды түрде енгізу мақсатында оқытушылар мен техникалық қызметкерлерді дайындау үшін біраз уақыт керек.



Қашықтан білім беру өте жылдам дамуда, оған Интернеттің дамуы да, оның ақпараттық және коммуникациялық мүмкіндіктерінің артуы да жағдай жасауда.

Қашықтан білім беру жүйесінің білім беру жүйесінде өз орны бола алады және болуы керек. Себебі егер сауатты ұйымдастырылса, ол қазіргі таңдағы және келешектегі заманауи қоғам талаптарына сай келетін сапалы білімді қамтамасыз ете алады.

Қашықтан білім беру жүйесінің ең негізгі қатысушылары оқушылар болып табылады. Олардың алдында жаңа күрделі білім беру тапсырмалары тұрады. Олардың ең негізгісі – өз бетімен жұмыс істеуді үйрену.

Бұл жерде педагогтар мен психологтарға қызметтік оқыту көмектеседі. Ақпараттық ортада ол әдетте Case Study, яғни тәжірибелік жағдайларды талдауға негізделген оқыту әдісі түрінде көрініс табады.

Қашықтан білім беруге қатысушылардың келесі тобы – бұл ата-аналар. Қашықтан білім беру аталған топ үшін жарамды болады. Форумдарда, ата-аналарға арналған парақшаларда Онлайн режимде араласу қажет нәрсе. Кез келген ыңғайлы уақыт пен жағдайда кез келген ата-ана өз ойымен, эмоцияларымен, өз балаларының қызықты жетістіктерімен бөлісе алады, сонымен қатар, мәселелік сұрақтарды жинамай, кейінге қалдырмай, дабырайтпай қашықтан білім берудің кез келген қатысушысымен шеше алады.

Қашықтан білім беруге қатысушылардың келесі тобы – бұл ұстаздар. Берілген оқыту түрінде дәл осы ұстаздар үлкен психологиялық қолайсыздықты бастан кешіреді. Мектептің психологиялық-педагогикалық қызметінің ең маңызды және ажырамас міндеті – ұстаздың тұрақты психосоматикалық күйін сақтау. Не нәрсе алаңдатады?

Жаңа нәрсе – сақтықпен қарау керек;

Уақыт жоқ – қысады;

Оқушы-ұстазбен тірі байланысы жоқ, яғни жан тыныштығы мен орындалып жатқан жұмыстан моральдық қанағаттанушылық жоқ.

Аталған қиындықтарды түсініп, жұмысты біртіндеп реттеуге тырысу керек. «Мен балаларды оқытамын. Мен оларға үлгі болуым керек. Мен оқушыларды қызықтыра білуім керек, яғни менің өзіме қызықты болуы керек».

Модульдермен немесе бөліктермен құрастырылған жұмыс «қымбат» уақыт пен күшті сақтауға көмектеседі. Оқушылармен байланысты үзіп алмау үшін Онлайн режимде форумда қарым-қатынас жасауға болады.

Қашықтан білім берудің оң тұстарын айта кеткім келеді. Педагог көп жағдайда күн сайын балалардың үлкен жиынында болып, қатаң тәртіп ережелерін сақтап және олардың орындалуын бақылай отырып, күйзеліске ұшырап жатады. Қашықтан білім беру аталған тұстардың алдын алады және қолайлы жағдай туғызуды меңзейді.

Алайда қазіргі таңда қашықтан оқыту да дәстүрлі оқыту сияқты жеткілікті дәрежеде дағдыға айналған болып табылады. Оқушылар мен студенттер білетін нәрселерін оқуы мүмкін немесе материалды игерместен әрі қарай жалғастыра береді. Олардың жеке білім алу траекториясын ешкім ескермейді. Барлық оқушыларға осы материалды оқу керек пе, бәлкім біреуіне көріп, басқа материалды екіншісінің тыңдап, ал оқығаны одан да тиімді емес пе деген сұрақты ешкім ойланбай ма?

Психологиялық мәселе оқушылардың білім беру бағдарламасына бейімделу мүмкіндігінде жатыр. Бұл әзірге ғалымдардың ғылыми туындылары ғана. Айта кетерлігі, мемлекеттік құрылымдар оларды әдейі қаржыландырмайды. Аса білімді жастарды басқару мүмкін емес. Мәселе де осында жатыр.

Қашықтан білім беруде тестілерді пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері анық байқалады. Тестілер – бұл зейіндік және тұлғалық қасиеттерді квалиметриялаудың тиімді тәсілі екендігі түсінікті, олардың теңдессіз артықшылығы да осында.

Алайда қазіргі таңда тестілер білім мен машықтарды тексеруге емес, жаттау мен есте сақтауға бағытталған. Компьютерлік тестілеу кезінде дұрыс жауаптар мен мына жайттарды да ескеру қажет:

- 1) жауап беруге кеткен уақыт;
- 2) дұрыс жауаптар саны;



- 3) тестілеу ұзақтығы;
- 4) тестіленушінің күдігі;
- 5) сұрақтарды өткізіп жіберу;
- 6) қосымша бағдарламаларды пайдалану және тестіленушінің өзге де психологиялық мәселелері.

Қашықтан білім беру мен электронды оқыту бүкіләлемдік жаңа құбылыс – Smart Education-ге жол ашты. Білім беру технологиялары емес, философиясы жайлы айтылуда.

Қашықтан білім беру жүйелерін құрастырушылар білім беру процесінің барлық заңдылықтарын әрдайым толықтай ескере бермейді, осы себепті толықтай дұрыс үлгілер пайдаланылмайды. Онлайн оқыту саласындағы сәтті шешімдердің көбісі бір уақытта сирек пайдаланылатындығы да бар.

Қашықтан білім берудің дәстүрлі білім беруді толықтай алмастырмайтындығы белгілі. Сабақ барысында білім беру процесі субъектілері арасында орнайтын білім беру ахуалын немесе оқытушымен тірі байланысты алмастыру қиынға соғады. Сонда да заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қашықтан білім берудің «таяз» жерлерін азайта алады.

Заманауи педагогика да өзгеру үстінде, оқу жүктемесінің бір бөлігін желіге ауыстыру қажет деп саналады. Мұны заманауи негіздегі оқу контентін құрастыру кезінде, мысалы, жалпыға ашық білім беру курсы пайдалану арқылы орындауға болады.

Қазіргі таңда адамдардың ұялы телефон, компьютер және Интернет олардың өмірлік кеңістігінің әдеттегі элементтері болатын жаңа цифрлы (желілік) Z-буыны бар екендігі жайлы деректі сенімді түрде келтіруге болады. Заманауи жағдайларда тиімді білім беру – бұл уақыт пен орынға байланбайтын білім беру. Бұл күнделікті өмір арқылы білім алу. Мұндай мобильді оқыту технологиясына ауысу оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа әдіс-тәсілдерін, қағидаларын пайдалануды білдіреді. Мобильді құралдарға арналған контент құрастыру кезінде олардың Z-буынның жастарына арналғандығын ескеру керек, оларға арналған білім беру контентін дайындау әдіснамасы қазіргі таңдағы белгілі білім беру контентінен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда білім берудегі Smart-технологияларға аса назар аударылуда. Мысал ретінде, бұл университеттің материалдық-техникалық шығындарын оңтайландыруға, сонымен қатар, білім беру қызметтері мен өнімдерінің сапасын жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін мобильді қосымшалар болуы мүмкін. Дәл осы Smart-технологиялар революциялық оқыту-әдіснамалық материалдарды құрастыруға, сондай-ақ, жеке білім беру траекторияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ЮНЕСКО 2015 жылы ЮНЕСКО институтымен бірге білім берудегі ақпараттық технологиялар бойынша «Мобильді оқыту саласындағы саясат жайлы ЮНЕСКО нұсқаулықтарын» жариялады, мұнда білім беру процесіне мобильді технологияларды енгізу қажеттілігі дәлелді түрде келтірілген.

Аталған нұсқаулықтарда «Байланыс және ақпаратқа қолжетімділік құралдарына деген тәуелділік артып отырған мына әлемдегі мобильді құралдар өтпелі құбылыс болмайды. Мобильді құралдардың қуаты мен мүмкіндіктері әрдайым артып отыратындықтан, олар білім беру құралы ретінде кеңінен қолданылып, ресми, әрі бейресми білім беруде орталық орынды ала алады» делінген.

Әлемдік тәжірибе ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі негізінен ақпараттық технологиялардың дамуымен байланысты екендігін көрсетті. Дүниежүзілік экономикалық форум мәліметтеріне сүйенсек, мемлекет экономикасының бәсекеге қабілеттілік индексі елдегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексімен жоғары корреляциялық байланыста болады екен.